

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
НЕГІЗІНДЕ ӘЗІРЛЕНГЕН ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАЙТЫН
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІТІРУШІ КУРС
СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚОСЫМША КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ КУРСЫ

БАҒДАРЛАМАСЫ

Бірінші басылым



Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі
педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының
оқу үдерісінде пайдалану үшін ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокошірмені және кез келген электронды нысанды қоса алғанда, авторлық құқық берушінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
Бағдарламаның мақсаты.....	6
Бағдарламаның міндеті	6
Бағдарламаның ғылыми-теориялық негіздері	6
Бағдарламаның басымдықтары	7
Бағдарламаның құрылымы	7
ОҚУ ЖОСПАРЫ.....	9
БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ	11
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ	18

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарымен және міндеттерімен үйлеседі [1]. Бағдарламаның жетекші мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; екіншіден (бұл да маңызды аспект) – жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сын тұрғысынан ойлауға үйретуді қамтиды.

Бүгінгі таңда алға қойылған мақсаттарды іске асыруда басты рөлді мұғалімнің атқаратындығы туралы тұжырымға ешкім қарсы шыға қоймас. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр (Barber & Mourshed, 2007).

2011 жылғы 22–26 шілде күндері Кейптаунда (Оңтүстік Африка) өткен Білім беру интернационалының VI Дүниежүзілік конгресіне қатысушы мұғалімдердің 80 пайызынан астамы дәл бүгін білім беруге инвестиция құюдың қажеттігі ерекше маңызды екендігін ресми түрде мәлімдеді, себебі білім беру арқылы адам факторына капитал құю үздіксіз экономикалық дамуға апаратын жол болып табылады.

Конгреске қатысушылар әлемдік білім беру қоғамдастығында қабылданып жатқан шараларға қарамастан, мұғалім кадрлардың сапалылығы проблемасы әлі күнге дейін өзекті екендігін атап өтті [2]. Теңдік, мәдени өзара түсіністік және әрбір адамның жеке бостандықтарын құрметтеу сияқты әлеуметтік құндылықтарды беру және меңгертудегі мұғалімнің маңызы конгресте бірауыздан қабылданған «Болашақты сапалы білім негізінде құру» атты білім беру жөніндегі баяндама қарарында белгіленді.

Бағдарламада Джудит Харристің (1998) тұжырымдамасының негізінде тәрбие беру мен оқыту үдерістері өзара байланыста және өзара тығыз қарым-қатынаста қарастырылатынын атап өту қажет. Д. Харрис «тәрбие» ата-аналар тәжірибесі, туыстар мен құрдастар тәжірибесі, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары, нарықтық жағдай және әлеуметтік-экономикалық ахуал т.б. сияқты факторлар ықпал ететін көп аспектілі феномен болып табылады деп есептейді. Бұл факторлардың бір-біріне өзара ықпал ететініне қарамастан, Джудит Харристің мәлімдеуінше, отбасының тарапынан оң ықпал болмаған жағдайда жастар тәрбиесінде мектеп тәжірибесі маңызды рөл атқара алады. Аталған тұжырымдамаға сәйкес Бағдарлама оқу үдерісінің орталығына өзін-өзі реттей алатын, өзінің оқуы төңірегінде ой жүгірте алатын, өз ортасы жағдайында өзінің білім қорын сын тұрғысынан ойластыруға қабілетті оқушыны қояды.

Осы Бағдарлама заманауи ғылыми зерттеулердің шынайы нәтижелерінің және оқытудың озық практикалық тәжірибесінің ықпалдасуын көрсете отырып, қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарларының мақсаттарына сәйкес келеді.

Тренер ретінде қазақстандық мұғалімдерді оқыту үдерісінде сол мұғалімдердің практикалық тәжірибелерін пайдалану осы Бағдарламаның теориялық негіздерін отандық оқыту тәжірибесіне ойдағыдай бейімдеуге болатындығының шынайы дәлелдемесі болып табылады.

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны ЮНЕСКО және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту



жөніндегі ұсыныстарының негізгі қағидаттарымен үйлеседі, сондай-ақ Бағдарламаның жеті модулі аясында мектепте табысты қолдануға көмектесетін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұрады:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
- оқу үшін бағалау және оқуды бағалау;
- оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- талантты және дарынды балаларды оқыту;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- оқытуды басқару және көшбасшылық.

Бағдарламада оның әдістемелік негізі болып табылатын пайдаланылған әдебиеттер тізімі, сондай-ақ қарқынды дамып жатқан әлемдік білім беру жүйесі жағдайында шектеулі сипатта бола алмайтын, жұмыс барысында танысуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі көрсетілген.



БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

- Болашақ мұғалімдердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу.
- Әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсету.
- Тыңдаушыларды оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының жеті модулі бойынша тұжырымдамалық түсінік қалыптастыру.
2. Оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру мақсатында тыңдаушыларды мектеп көшбасшылығы тұжырымдамасымен және мұғалімнің көшбасшылық қасиеттерін дамыту қағидаттарымен таныстыру.
3. Тыңдаушыларды мұғалімдердің кәсіби желілік қоғамдастығы аясында жұмыс істеуге дайындау.

6

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл Бағдарламаның негізгі зерттеушілік идеялары сындарлы оқыту теориясына негізделген (Vygotsky, 1978; Wood, 1998). Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Бұндай жолмен оқытудан алған, механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кезінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жаттап алынған білім тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. **Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.**

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені (проблеманы, жағдайды, құбылысты т.б.) түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Осы Бағдарлама оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру мақсатында өз тәжірибесін жүргізу үшін қажетті білімнің болуын көздейтін, мұғалімнің кәсіби дамуына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді. Бұл тәсіл негізгі төрт қағидатқа негізделген, олардың ішіндегі негізгісі «Балалар қалай оқиды?» қағидаты болып табылады, ал қалған үшеуі төмендегі ұғымдарды қамтиды:

- *нені оқыту керек?*
- *оқытудың реттілігін қалай құрылымдау керек?*
- *Сіздің табысқа жеткендігіңізді қалай бағалауға болады?*

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бағдарлама баспа тәсілімен басылып шығарылатын оқу-әдістемелік материалдар кешені мен онлайн-білім беру платформасында орналастырылатын материалдардан тұрады.

Оқу барысында Бағдарламаның түйінді идеяларына және оларды мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасалады.

Бұл кезеңде тыңдаушылар мынадай тапсырмаларды орындайды:

- Оқу үдерісі қалай жүретіні және сапалы оқыту дегеніміз не екендігі туралы материалдарды зерделеу;
- Оқыту мен оқудың қалай жүру керектігі туралы өзінің білімі мен ұстанымдарын талдап, бұл саладағы таптаурындарға қатысты күмән тудыру;
- Сыныптағы жұмыс тәсілдерін модельдеу арқылы белсенді оқуға қатысу. Бұл бірлескен топтық жұмыстан, талқылаудан, таныстырылымдар мен жеке зерттеулерден тұрады;
- Бағдарламаның жеті модулі аясында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді зерделеу;

Тренерлер мен тыңдаушыларға берілетін оқу-әдістемелік материалдар осы Бағдарламаның теориялық негізі болып табылады. Бірақ Бағдарламаның бүкіл материалы осы деген пікір тумауы қажет, ол тек шағын бөлігі ғана.

Күнделікті сабақтар зерттелген тәжірибеге негізделген жазбаша материалдарды пайдалану арқылы жүргізілетін интерактивті лекциялар мен тәжірибелік сабақтар кешенін қамтиды.

Әрбір тренер мен тыңдаушыға білім беру порталындағы қолжетімді онлайн-материалдармен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттердің қағазға басылған көшірмелері берілетін болады. Онлайн-материалдарды пайдаланудың мақсаты – Бағдарламаның барлық кезеңдерін игеру және білім беру платформасы арқылы әріптестерімен ынтымақтастық жүргізу барысында тренерлер мен тыңдаушыларға өткізілетін зерттеулер негізінде өздерінің жеке оқу материалдарын жасауға мүмкіндік беру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. Білім беру интернационалының VI Дүниежүзілік конгресі, 2011, 22–26 шілде. Кейптаун (Оңтүстік Африка). <http://www.ed-union.ru/page.html?region=1&sid=&page=9&doc=9581>

Barber, M., Mourshed, M. & McKinsey (2007). Report «*Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems*». [Мектепте орнықты жоғары сапалы оқытуға қалай қол жеткізуге болады].

Harris, J. R. (1998). *The nurture assumption: Why children turn out the way they do*. [Тәрбие туралы ойлар: неліктен балалар осындай болады]. Free Press.

OECD (2000). *Literacy in the information age: final report of the international adult literacy*. [Ақпараттық дәуірдегі сауаттылық: ересек халықтың халықаралық сауаттылығы мәселелері бойынша қорытынды баяндама]. Paris: OECD.

Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in Society*. [Қоғамдық сана]. Cambridge, MA: Harvard University Press.

Wood, D. (1998). *How Children Think and Learn* [Балалар қалай ойлайды және білім алады]. (2nd ed.). Oxford: Blackwell Publishers Ltd

ОҚУ ЖОСПАРЫ

Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
Кіріспе: оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттігін негіздеу. Оқытуды басқару және көшбасшылық.	Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі. Білім беру порталымен танысу. Сыныптағы оқу үдерісі мен ондағы өзгерістерді басқару. Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары.	8
Мектеп пен сыныптағы мәдениет.	Сыныпты қадағалау әдістемесі. Мұғалімдерге нені білу міндет? Сынып мәдениеті мен оқу ортасы.	8
Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы және оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы пікірі.	Мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу. Оқушылардың пікірі бойынша құзырлы мұғалімнің сипаттамасы қандай? Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.	8
Құндылықтар, көзқарастар, ықпал ету тәсілдері.	Бұдан әрі даму бағыттары мен басымдықтарын анықтау үшін жеке тұлғаның құндылықтары мен көзқарастарын нақтылау. Оқыту және оқу әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау. Сыныптағы психологиялық ахуал.	8
Оқушыларды ынталандыру.	Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудың аффекттік теориясы. Оқушыларды ынталандыру. Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау (оқушыдан кеңес алу).	8
Әлеуметтік өзара іс-қимыл.	Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. Сабақтың интерактивті және инклюзивті болуын қамтамасыз ету.	8
Оқудағы кедергілер. Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу.	Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жеңу мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді таңдау және нақтылау. Оқушылардың қабілеттері және оқуға жағымды көзқарастары.	8
Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: қалай оқу керектігін үйрету.	Қалай оқу керектігін үйрену дегеніміз не? Мұғалімнің оқушылардың қалай оқу керектігін үйрену қабілеттерін дамыту жөніндегі әрекеттері.	8
	Бүкіл зейінді және педагогикалық амал-тәсілдерді оқушыларға бағыттау және оларға қалай оқу керектігін үйренуде көмек көрсету. Қалай оқу керектігін үйренуге қатысты оқыту әдістері мен тәсілдеріне басты назар аудару.	8

Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқыту мен оқуда ақпараттық-ком- муникациялық техно- логияны (АКТ) пайда- лану.	Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану мақсаттары. Оқу сапа- сын арттыру мақсатында сыныпта АКТ пайдалану әді- стемесі.	8
Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқу үшін баға- лау және оқуды бағалау.	Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқу үшін бағалау (ОҮБ) де- геніміз не?	8
	Оқытуды жоспарлауда ОҮБ әдістемесін пайдалану. Са- бақта ОҮБ әдістемесін пайдалану.	8
Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: талантты және дарынды балалар- ды оқыту.	Сабақта тиісті тәсілдерді қолдану. Талантты және дарынды оқушыларды жандандыру үшін жекелей оқыту.	8
Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: әңгімелесу және диалогтік оқыту.	Диалогтік оқыту дегеніміз не? Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабақта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі.	8
Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғы- сынан ойлау.	Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не? Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.	8
Сыныптағы оқуды басқа- ру.	Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау. Сыныпта оқыту үдерісінде болып жатқан өзгерістерді қадағалау.	8
Lesson Study.	Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында Lesson Study қолдану.	8
Оқыту тәжірибесіне Бағдарлама идеяларын енгізу.	Тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімдік жоспарлау.	16
Оқыту мен оқуды бағала- уға дайындық.	Оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу барысында жүр- гізілетін бағалау.	8
<p>Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин. 1 сабақ - 90 минут. Барлығы: айына 160 академиялық сағат.</p>		

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Осы Бағдарламаның негізгі міндеті – болашақ мұғалімдерге педагогикалық үдерісті бағалауға және жетілдіруге көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімдердің тәжірибесімен және кәсіби мәнмәтінмен өзара байланыста қарастырылады. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады. Осы Бағдарламаның негізгі қағидаты тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады. Яғни, тыңдаушылар педагогиканың тиісті аспектілеріне қатысты ғылыми (зерттеу) материалдармен танысатын болады. Мұндай жұмыс тыңдаушылар Бағдарламаға кіргізілген оқыту мен оқудағы стратегия мен тәсілдерді қарастыру (таңдау, зерттеу, танысу т.б.) барысында сүйенетін теориялық негіздемені қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарламаның модульдері:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.
3. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Бағдарламаның негізгі мазмұны жеке жеті модуль түрінде берілген, олар оқыту барысында аралас түрде ұсынылады.

ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Бұл тарауда адамдардың қалай білім алатыны жөнінде заманауи ой-пікірлер ұсынылған. Бірінші бөлімде жаңа теориялық әзірлемелер қарастырылып, екінші бөлімде зерттеу нәтижелері түрлі тәсілдер арқылы оқыту тәжірибесімен байланыстыра қарастырылған, бұл мұғалімдерге соңғы жылдардағы зерттеу нәтижелерін өз қажетіне пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу дегеніміз не?

Оқу ұғымының мазмұны қол жеткен нәтижелер немесе пайдалы тәжірибе тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмыстарына жүргізілген талдау оқу нәтижелерінің бес түрін анықтауға мүмкіндік берді:

1. *Оқу білімнің сандық ұлғаюы ретінде.* Оның нәтижесі алынған ақпарат болып табылады (негізгі міндет – «көп білу»).
2. *Оқу есте сақтау ретінде.* Нәтиже – қайта өндіруге болатын есте сақталған көлемді ақпарат.
3. *Оқу ақпарат жинақтау ретінде.* Нәтиже – есте сақталып, қажет болған жағдайда қолдануға да болатын дерек, дағды және әдістердің айтарлықтай мөлшердегі жиынтығы.
4. *Оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретінде.* Бұның нәтижесі – оқушының пәннің құраушы бөліктері мен шынайы өмір арасындағы өзара байланыстарды анықтай алуы.

5. *Оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру тәсілі ретінде.* Нәтижесі – әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып-білу.

1-3-тұжырымдамалар оқушыға қатысты оқуды сыртқы фактор ретінде қарастырады. Бұл сыныпта болып жататын немесе мұғалімдердің оқушыларға қатысты жүзеге асыратын іс-әрекеті болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілген оқыту үдерісінің бастапқы үш тұжырымдамасы бір кезеңдерде білім немесе ақпарат алу үшін «*дүкенге барғанға*» ұқсайтындай болып көрінеді. Тізімде көрсетілген 4 және 5-тұжырымдамалардың қол жеткізген нәтиженің бастапқы үш санатынан сапалық айырмашылығын атап көрсету маңызды. 4 және 5-тұжырымдамалар анағұрлым күрделі, жаңа түсіндірмелерге негізделген және бұл ретте *оқу* деген ұғымның аясы оқушының ақпаратты қабылдау мен сақтауынан әлдеқайда кең. Бұл тұжырымдамалар оқудың «ішкі» немесе жеке тұлғалық аспектісіне бағдарланған. Оқу оқушының шынайы өмірді түсінуіне көмек беретін құбылыс ретінде қарастырылады. Бұндай заманауи көзқарас Бағдарламада іске асырылатын оқытудың жаңа тәсілдерінің негізін қалайды.

Әлеуметтік-сындарлылық тұрғыдан оқытуды түсіну (Vygotsky, 1978; Wood, 1998) осы Бағдарламада айтылған «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту және оқу» (Mercer, 1995; Alexander, 2008), метасана немесе «*Қалай оқу керектігін үйрету*» (Flavell, 1976; Vygotsky, 1978) деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік-сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданылады. Жеті модульдің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдіс ретінде «*Диалог арқылы оқыту*» мен «*Қалай оқу керектігін үйретуді*» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді.

«*Қалай оқу керектігін үйрету*» немесе *метасана* оқушыларға болашақта өз бетінше білім ала білетіндей етіп **өзінің оқуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алу** қажеттігін түсінуге және оған дайын болуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

СЫНЫПТАҒЫ ДИАЛОГТІҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Выготский кіші жастағы балаларды танымдық даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни, анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу және мәдениет, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын субъекті ретінде суреттейді. Сонымен қатар Выготский оқушылар өздерінің «**Жақын арадағы даму аймағында**» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда, оқушыларға жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді.

Выготскийдің оқу моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқу жеңіл болмақ. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, ЖАДА аясында қарастырылғандықтан оқу табысты болмақ.

Выготскийдің оқуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқаратындығы туралы пікірі тәжірибеге негізделген (эмпирикалық) зерттеулермен дәлелденген. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқудың мұғалімді селқос тындағанда ғана емес, вербалды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында да жүзеге асатынын көрсетті. Кейінірек Мерсер және Ходжкинсон (2008) зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделе құрылып, оқу барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;
- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, оқушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында болады. Көптеген сыныптарда оқушылардың әңгімеге қатысуға құқықтары шамалы. Мәселен, мұғалімге: «Бұл көзқарас қызықты екен» деп айтады-ау деп оқушылардан күтуге болмас. Зерттеу көрсетіп отырғандай, мұғалім сұхбатты бақылап, маңызды сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі оқушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамыта алмайды.

ҚАЛАЙ ОҚУ КЕРЕКТІГІН ҮЙРЕТУ

«Оқуды үйретудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге *оқуды үйрену де* бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты **танымдық қабілет** бар да, сол сияқты **танымды тану** да бар. «Метатану» дегенді индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі ретінде сипаттауға болады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Осы төрт тармақты іске асыру үшін оқушылардан оқуды үйрену талап етіледі. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Әңгімеге арқау болған бөлімнің негізгі идеясы *ақпарат беріледі* дегенге саяды, білім мен түсінікті оқушы өзі қалыптастырады, ал мұғалім – бұл үдерісте көмек көрсететін жан.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ

Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқып, өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады деп болжанады. Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Бұл модуль шеңберінде біз сонымен қатар 1-модульде келтірілген әлеуметтік-сындарлы тәсілдерді, оқытуды дамыту үшін тиімді бағалауды («Оқу үшін бағалау» модулі) және түрлі жастағы балаларға білім берудің сараланған тәсілін қолдануды («Талантты және дарынды балаларды оқыту» және «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модульдері) қарастырамыз.

Сын тұрғысынан ойлау Бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Бағдарлама өзара байланысты бұл үдерістердің екеуін де дамытуды көздейді. Оқушыларға қатысты сын тұрғысынан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сын тұрғысынан бағалауды қамтиды.

ОҚУ ҮШІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҚУДЫ БАҒАЛАУ

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Alexander, 2001).

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген, бірақ берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған. Іс жүзінде нақты баға қою және есеп беру үшін өткізілетін **оқуды бағалау** мен нақты мақсаты бағалауды оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде қолдану болып табылатын **оқу үшін бағалау** арасында анығырақ айырмашылық жүргізілген.

Оқытуды, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған бағалау қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалау (ОҮБ) деп аталады. Мұғалімдерді және әдістеме жасаушыларды ақпараттандыру мақсатымен 1989 жылдан бастап жұмыс жүргізген Ұлыбритания академиктерінен құралған Бағалауды Реформалау Тобы (Assessment Reform Group) 1999 жылы «Оқу үшін бағалау» (ОҮБ) деген кітапша жариялады. Соның нәтижесінде *Оқу үшін бағалау* ұғымы дербес тұжырымдама ретінде кеңінен тарала бастады.

Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау жиынтық



болып табылады және кейде оны оқуды бағалау деп атайды. Жиынтық бағалау оқушының, мұғалімнің немесе мектептің мәртебесіне немесе болашағына ықпал ететін (яғни, анықтайтын мәнге ие) шешім қабылдау үшін қолданылған жағдайда өлшемдердің сенімділігін қамтамасыз ету керек, яғни бұл ақпараттың мазмұны мен оның қандай жағдайларда жиналғанын қатаң қадағалау қажет.

Оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Балалар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушы болатын болса, онда мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу қажет, өйткені ол оқуда алға қадам басуға және оған қолдау көрсету үшін керек. Соңғы зерттеу жұмыстары біздің ұғымымызда қалыптастырушы бағалау үдерісінің едәуір дамуына және оны оқыту мен оқуды қолдау үшін пайдалану мүмкіндігіне ықпал етті. Аталған Бағдарлама осы еңбектерде айтылған идеяларды, сондай-ақ осы идея негізінде құрылған оқыту мен оқудың стратегияларын қарастырады.

Мұғалімдер мен балалар үшін олардың қай мақсаттарға жеткісі келетінін білу маңызды, ал ол мақсатқа жету өлшемдерін түсінуді талап етеді. Сондықтан Бағдарлама сыни бағалау тәсілдерін де қарастырады.

ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Мысал үшін Ұлыбританияда мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі олар өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет. Осы тарауда ұсынылған ақпарат мұғалімдерге оқыту барысында ғылыми жетістіктерді пайдалану, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды қолдану бойынша көмек көрсетуге арналған.

Бағдарлама аяқталғанда мұғалімдер сандық технологияларды және АКТ-ны сабақ беруде тиімді пайдалануды білетін болады. Осылайша, олар жұмыс, демалыс және қарым-қатынас үшін АКТ-ны сенімді және сын тұрғысынан пайдаланушыларға айналады. Осындай дағдылар негізінде АКТ туралы білім жатыр, яғни: оларды ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, алмасу үшін қолдану және ол ақпаратты Интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білу.

ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл - ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылады. Тәжірибеге жасалған талдау оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда мектеп бүкіл оқушылар үшін мектеп стандартын күрделендіре отырып, бастауыш буын деңгейінде «жалпымектептік саясатты» және орта буын деңгейінде «кеңейтілген» мектеп тәсілін құрған жағдайда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатынын көрсетті. Та-

лантты немесе қабілетті үнемі айқындай отырып бастауыш мектептердің мұғалімдері өздерін «дарынды бақылаушылар» ретінде көрсетуге тиіс (Eyre and Lowe, 2002).

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Қазіргі уақытта білім беру саласында жоғары жетістіктерді анықтайтын және ынталандыратын бірқатар өңірлік, ұлттық, халықаралық сайыстар мен бағдарламалар жүргізіледі. Алайда мұндай сайыстық құрылымдар талант пен қабілетті өрістетудің, барлық балалар әлеуетін дамытудың жалғыз тәсілі болып табылмайтыны туралы пікірлер баршылық. Осы бағдарлама аясында талантты және дарынды балаларды оқытуды дамыту үшін анағұрлым инклюзивті тәсіл пайдаланылатын болады.

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жатыр. Аталған тақырып оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге қатысты ой-пікірлерді, барлық оқушыларды кеңінен оқытуға ықпал ететін оқу бағдарламаларын кеңейту және барлық оқушылардың осындай қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқыту мен оқудың сараланған стратегияларын таңдау жөніндегі идеяларды қамтиды.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ

Танымдық даму – баланың оқу және проблемаларды шешу қабілеті. Дәлірек айтқанда, танымдық даму оқуға деген қабілеттілік, сондай-ақ зейін, сөз сөйлеу дағдылары, ойлау, негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты қабілеттерді дамытуға және тұрақтандыруға қатысты. Аталған зияткерлік қабілеттер ойлау үдерістерінің сипаты және жасына қарай олардың өзгеру ықтималдығы туралы маңызды ақпараты бар танымдық даму теориясы шеңберінде сипатталады.

16

Бұл модуль осының алдындағы талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбымен тығыз байланысты, себебі екі модуль де оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға қатысты болып отыр. Алайда бұл модуль балалар дамуының оқудың қолжетімділігі дәрежесін анықтайтын кезеңдеріне қатысты және де «**Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер**» модулімен өзара байланысты. Мәселен, түрлі жастағы балаларда байқалатын метасана деңгейі, балалардың жас шамасына бейімделген сындарлы диалогті ынталандыру стратегиясы, әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай беріледі. Сондай-ақ, аталған модульдің өзге модульдермен, мысалы, «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулімен байланысы бар, атап айтқанда әртүрлі жаста өзін-өзі бағалау үшін жауапкершілікті зерделеу тұрғысынан.

Сонымен қатар Қазақстанның жекелеген ауылдық өңірлерінде кездесетін жас шамасы әртүрлі сыныптарда тиімді оқыту және оқу стратегияларын іске асыру жолдары да қарастырылатын болады.

ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Аталған тақырып мұғалімдердің пайдаға асырылмаған зор әлеуеті бар, оны олардың кәсіби өсуіне, бірлескен кәсіби білім құруына көмектесетін қолдау көрсетілген жағдайда ғана көруге болады деген сенімге негізделеді.

Бұл көзқарасты **HertsCam Network (ХертсКэм Нетворк)** желісі және «**Мұғалім көшбасшылығы**» халықаралық жобасы қолдап отыр. Ол педагогикалық жүйе сәтті болу үшін, оқыту барлық деңгейде қатар жүру керек, яғни оқыту оқушыларды, студенттерді, мұғалімдерді және де мектеп жүйесінде жұмыс істейтін қосымша қызметкерлерді түгел қамту керек деген көзқарасқа негізделген (MacBeath et al., 2006).

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сы-

рттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек деген тұжырымға саяды. Бағдарламаның негізгі идеясы сын тұрғысынан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Көшбасшылық Бағдарламаның өн бойында мұғалім енгізетін өзгерістер тарапынан қарастырылады. Сондықтан мұғалім көшбасшылығын әр деңгей қырынан қарастыру мақсатында Бағдарламада жеке модуль ретінде белгіленген.

Осы модульде айтылған көшбасшылық тәсілі «Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы» қағидатына (Кембридж университетінің жобасы) негізделген. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, мұғалімдер Бағдарламада қарастырылатын идеялар аспектілері аясында өз тәжірибелері туралы ой-тұжырымдарға сүйене отырып өзгереді. Олар осы идеяларға сәйкес өз тәжірибелерінің жекелеген тұстарын анықтайды, зерттейді, бағалайды және дамытады. Бұл модуль мұғалімнің сын тұрғысынан ойлана білу қабілетімен және «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулімен тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиет

- Alexander, R. J., (2001). *Culture and Pedagogy: international comparisons in primary education*. [Мәдениет пен педагогика: әр елдердегі бастауыш білім беруді салыстыру]. Oxford: Blackwell Publishers.
- Alexander, R.J., (2008). *Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk*. [Диалогтік оқыту жолында: сыныпта талқылаудың жаңа тәсілдері]. (4th ed.). York: Dialogos.
- Barnes, D., (1971). *Language and Learning in the Classroom*. [Сыныптағы тіл мен оқыту]. *Journal of Curriculum Studies*, 3 (1), 27–38.
- Eyre, D. & Lowe, H., (2002). *Curriculum Provision for the Gifted and Talented in the Secondary School*. [Орта мектептегі талантты және дарынды балаларға арналған оқу бағдарламасы]. David Fulton.
- Flavell, J. H., (1976). *Metacognitive aspects of problem solving*. [Проблемаларды шешудің метакогнитивтік аспектілері]. In L. B. Resnick (Ed.), *The Nature of Intelligence*. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Mercer, N., (1995). *The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners*. [Жетекшілікпен білім алу: мұғалімдер мен оқушылар арасындағы әңгіме]. Clevedon: Multilingual Matters.
- Mercer, N., & Hodgkinson, S. (2008). *Exploring talk in school: inspired by the work of Douglas Barnes*. [Мектептегі әңгімені зерделеу: Дуглас Барнс жұмысы бойынша]. London: Sage.
- Mercer, N., & Littleton, K., (2007). *Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach*. [Диалог пен ойлауды дамыту. Социомәдени тәсіл]. NV: Routledge.
- MacBeath, J., Frost, D., Swaffeld, S. & Waterhouse, J., (2006). *Leadership for Learning: Making the Connections*. [Оқытудағы көшбасшылық: байланыс орнату]. Cambridge: University of Cambridge, Faculty of Education.
- Vygotsky, L. S., (1978). *Mind in Society*. [Қоғамдық сана]. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Wood, D., (1998). *How Children Think and Learn? [Балалардың ойлану және білім алу қабілеттері қандай?]* (2nd ed.). Oxford: Blackwell Publishers Ltd.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ

1. Андерсон Д. Думай, пытайся, развивайся. [Ойлан, ізден, дамыт]. – Ағылшын тілінен аударылған, жалпы редакциясын басқарып, аударғандар: Шлионский А.Л., Шлионский Л.М., Никифорова Н.В. – Санкт-Петербург: Азбука, 1996. – 92 бет.
2. Амонашвили Ш.А. Воспитательная образовательная функция оценки учения школьников. [Оқушылардың оқуын бағалаудағы тәрбиелік білім беру функциялары]. – М.: 1997. – 296 бет.
3. Амонашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. [Оқу. Бағалау. Баға]. – М.: 1980.
4. Белкин А.С. Ситуация успеха. Как ее создать: Кн. для учителя. [Табыстың жағдаяттары. Оны қалай құру керек: Мұғалімдерге арналған кітап]. – М.: Просвещение, 1991. – 176 бет.
5. Бордовской Н.В. Современные образовательные технологии: учебное пособие. Под ред. – 2-е изд., [Заманауи жалпы білім беру технологиялары: оқу құралы]. Жалпы редакцияда 2-басылымы, – М.: КноРус, 2011. – 432 бет.
6. Богоявленская Д.Б. Основные современные концепции творчества и одаренности. [Шығармашылық пен дарындылықтың негізгі заманауи тұжырымдамалары]. – М.: Педагогика, 1997. – 286 бет.
7. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика; Учеб.-метод. пособие. [Сын тұрғысынан ойлау: әдіс, теория, практика. Оқу-әдістемелік құрал]. – М.: Мирос, 2002.
8. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз, 2003.
9. Воронцов А.Б. Практика развивающего обучения по системе Эльконина Д.Б., Давыдова В.В. [Эльконин Д.Б., Давыдова В.В. жүйесі бойынша дамыта оқыту практикасы]. – М.: ЦПРО «Развитие личности», 1998.
10. Выготский Л.С. Проблема культурного развития ребенка. Вестник Московского университета. [Баланың мәдени дамуының мәселелері. Мәскеу университетінің хабаршысы]. Серия 14, Психология. – 1991. – № 4. – 5–19 бет.
11. Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте. Психологическая наука и образование. [Мектеп жасында оқу мен ақыл-ойды дамыту мәселелері. Психология ғылымы және білім беру]. – 1996. – №4. 5–18 бет.
12. Выготский, Л. С. Психология развития человека (лекции по психологии), [Адамның даму психологиясы (психология бойынша лекциялар)]. – М.: Смысл; Эксмо, 2005. – 1136 бет.
13. Генике Е.А., Трифонова Е.А. Учитель и ученик: возможность диалога и понимания. [Мұғалім мен оқушы: диалог пен түсіністіктің мүмкіндіктері]. 1-том, жалпы редакциясын басқарған Семина Л.И. – М.: «Бонфи», 2002. – 239 бет.
14. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии: учеб.пособие. [Инновациялық педагогикалық технологиялар: оқу құралы]. – М.: Академия, 2010. – 288 бет.
15. Гладкая И.В. Оценка образовательных результатов школьников: Учебно-методическое пособие. [Оқушылардың жалпы білім алуудағы нәтижелерін бағалау]. Жалпы редакциясын басқарған Тряпицына А.П. – СПб.: КАРО, 2008.
16. Гин А.А. Приёмы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя. [Педагогикалық техникаларды қабылдау: Таңдау еркіндігі. Ашықтық. Искерлік. Кері байланыс. Идеалдық]. – М.: Вита-Прес, 2006.

17. Гребенюк О.С., Гребенюк Т.Б. Основы педагогики индивидуальности: Учеб. пособие. [Жеке тұлғалық педагогика негіздері]. – Калининград: Калинингр. гос. ун-т., 2000. – 572 бет.
18. Давыдов В.В. Деятельностная теория мышления. [Ойлаудың іскерлік теориясы]. – М.: Научный мир, 2005. – 240 бет.
19. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. [Дамыта оқыту мәселелері: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы]. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 288 бет.
20. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. [Дамыта оқыту теориясы]. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 бет.
21. Джумагулова Т.Н., Соловьева И.В. «Одаренный ребенок: дар или наказание». [Дарынды бала: сый ма әлде жаза ма]. – Санкт-Петербург: Речь, 2009. – 160 бет.
22. Жексенбаева У.Б «Балалардың дарындылығын диагностикалау» Баспа: РАДиАЛ Шығарылған жылы: 2005(ISBN: 9965-9800-04).
23. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы». Ақтөбе, 1999.
24. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учеб.пособие. [Білім берудегі ақпараттық технология: оқу құралы]. – 5-басылым. – М.: Академия, 2008. – 192 бет.
25. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. [Сын тұрғысынан ойлау: даму технологиясы]. – СПб: Альянс-Дельта, 2003.
26. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически. [Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік]. 2-басылым – СПб: «Альянс «Дельта» және «Речь», 2003.
27. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры, дискуссии. Анализ зарубежного опыта. [Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту. Шетелдік тәжірибені талдау]. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 бет.
28. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособие. [Мектептегі критериальдық бағалау: оқу құралы] – Пермь мемлекеттік педагогикалық университеті – Пермь, 2010. – 84 бет.
29. Ксензова Г.Ю. Оценочная деятельность учителя: Учебно-методическое пособие. [Мұғалімнің бағалау қызметі: оқу-әдістемелік құрал]. – М.: Педагогическое общество России, 2002. – 128 бет.
30. Курганов С.Ю. Ребенок и взрослый в учебном диалоге : Книга для учителя. [Оқу диалогындағы бала мен ересек]. – М.: Просвещение, 2005.
31. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан қ. А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. – 113 бет.
32. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі: дисс. АлМУ. 13.00.02. Алматы, 2001.
33. Ландау Э. «Одаренность требует мужество». [«Дарындылық ерлікті талап етеді»]. – М.: Академия, 2002.
34. Лейтеса Н.С. Психология одаренности детей и подростков. [Балалар мен жасөспірімдердің дарындылық психологиясы] – М.: Издательский центр «Академия». – 1996. – 416 бет.
35. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальная различия. [«Өскелең дарындылық пен жеке айырмашылықтар»]. МПСИ, МОДЭК Серия: Психологи России (ISBN 978-5-9770-0284-4, 978-5-89395-892-8), 2008.
36. Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте: Пособие для

учителя. [Мектеп жасында білім алуға ынталандыруды қалыптастыру]. – М.: Просвещение, 1983. – 96 бет.

37. Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. Формирование мотивации учения. [Білім алуды ынталандыруды қалыптастыру]. – М.: Просвещение, 1990. – 192 бет. – (Психол. Наука - школе).

38. Мельникова Е.Л. Проблемный урок или Как открывать знания с учениками: Пособие для учителя. [Проблемалық сабақ немесе оқушыларға білімді қалай ашу керек: Мұғалімдерге арналған оқу құралы]. – М.: АПКИПРО, 2006. – 168 бет.

39. Матюшкин А.М. «Что такое одаренность: выявление и развитие одаренных детей: классические тексты». [«Дарындылық деген не: дарынды балаларды табу және дамыту: классикалық мәтіндер»]. – М.: Омега-Л, 2008. – 368 бет.

40. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. – Қарағанды: Жолдақ Е.В. ЖК, 2011. – 201 бет.

41. Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – 1998.

42. Моисеев А.П. Коммуникационный менеджмент. Учебное пособие. [Коммуникациялық менеджмент. Оқу құралы]. – Томск: ТПУ, 2008.

43. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары. – Өскемен, 2004.

44. Мырзабаев А. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. – Алматы: 2005.

45. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. – Өскемен, Медиа Альянс, 2005.

46. Оконь В. Основы проблемного обучения. [Проблемалық оқыту негіздері]. – М.: Просвещение, 1968.

47. Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. – Алматы, 2007.

48. Панюкова С.В. Использование информационных и коммуникативных технологий в образовании: учеб пособие [Білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану. Оқу құралы]./ Панюкова С.В. – М.: Академия, 2010. – 224 бет.

49. Поташник М.М. Управление профессиональным ростом учителя в современной школе. [Қазіргі мектепте мұғалімнің кәсіби өсуін басқару]. – М.: «Центр педагогического образования», 2009. – 448 бет.

50. Ракышова Г.А., Игибаева А.К. Жаңаша оқыту – жетістік көзі. //Вестник КАСУ. – №1. – 2006. – 121 бет.

51. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии ДОС Учебное пособие. [ДОС заманауи білім беру технологиялары. Оқу құралы]. – М.: Народное образование, 1998. – 256 бет.

52. Синягина Н.Ю. Личностно-ориентированное развитие одаренных детей [Дарынды балаларды жеке тұлғалық-бағдарлы дамыту]. – М.: АНО ЦНПРО, 2011.

53. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2000.

54. Тұрғынбаева Б. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазақстан мектебі. №4, 2005.

55. Трайнев В.А. Новые информационные коммуникационные технологии в образовании / Трайнев В.А., Теплышев В.Ю., Трайнев И.В.; Университет информатизации и управления. – М.: Дашков и Ко, 2009. – 318 бет.

56. Халперн Д. Психология критического мышления. [Сын тұрғысынан ойлау психо-

логиясы]. / перевод с англ. Н.Мальгина, С.Рысев, Л.Царук. – СПб.: Питер, 2000. – 512 бет: ил. – (Серия «Мастера психологии»).

57. Хуторской А.В. «Развитие одаренности школьников» Методика продуктивного обучения. Пособие для учителя. [Оқушылардың дарындылығын дамыту. Табысты оқыту әдістемесі. Мұғалімге арналған құрал]. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. – ISBN 5-691-00577-4.

58. Цукерман Г.А. Введение в школьную жизнь: Программа адаптации детей к школьной жизни. [Мектеп өміріне кіріспе: Балаларды мектеп өміріне бейімдеу бағдарламасы]. – М.: Московский центр качества образования, 2010. – 120 бет.

59. Цукерман Г.А. Оценка без отметки [Бағасыз баға қою]. – Москва-Рига: ПЦ Эксперимент, 1999.

60. Шадриков В.Д. Способность, одаренность, талант. [Қабілет, дарындылық, талант]. /Развитие и диагностика способностей. – М.: Наука, 1991.

61. Эльконин Д.Б. Развитие личности ребенка-дошкольника. [Мектепке дейінгі жастағы баланы дамыту]. – М.: Педагогика, 1966. – С. 254–292.

62. Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность: книга для учителей и родителей [Дарынды бала: қиял ма әлде шынайы ма: мұғалімдер мен ата-аналарға арналған кітап] – М.: Просвещение, 1996. http://www.u-mama.ru/files/books/odar_reb.zip

63. Якиманская И.С. Развивающее обучение [Дамыта оқыту]. – М.: Педагогика, 1979.

ПРОГРАММА

**КУРСОВ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ВЫПУСКНЫХ КУРСОВ ВЫСШИХ
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИХ ПОДГОТОВКУ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ, РАЗРАБОТАННАЯ НА ОСНОВЕ
УРОВНЕВЫХ ПРОГРАММ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Первое издание

Рекомендовано Министерством образования
и науки Республики Казахстан к использованию
в учебном процессе высших учебных заведений,
осуществляющих подготовку педагогических кадров

© Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015

Все права сохраняются. Запрещается полное или частичное воспроизведение или передача настоящего издания в любом виде и любыми средствами, включая фотокопирование и любую электронную форму, без письменного разрешения держателя авторского права.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	26
Цели Программы	28
Задачи Программы.....	28
Научно-теоретические основы.....	28
Приоритеты Программы	29
Структура Программы	29
УЧЕБНЫЙ ПЛАН.....	31
ОСНОВНОЕ СОДЕРЖАНИЕ ПРОГРАММЫ	33
РЕКОМЕНДУЕМАЯ ЛИТЕРАТУРА.....	41

ВВЕДЕНИЕ

